

## Жеке тұлғалардың тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізуінің кейбір мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 наурыздағы N 217 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 шілдедегі № 682 Қаулысымен

**Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.07.01 № 682 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 желтоқсандағы Заңымен бекітілген Жеке тұлғалардың Кеден одағына қатысушы мемлекеттер шекараларынан еркін және тең құқылы өтуін және олардың тауарлар мен валютаны кедергісіз тасымалдауын қамтамасыз ету туралы келісімге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 263 , 264 , 266 , 269 , 270 , 273 , 275 , 290 , 317-баптарына және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 299-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.08.28. N 750 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2008.12.31. N 1330 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.**

### 1. Қоса беріліп отырған:

- 1) жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізетін тауарлардың қолданылуын айқындау өлшемдері;
- 2) кедендік төлемдерден, салықтардан толық босатыла отырып және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерде тұрақты тұратын жеке тұлғаларға өздерінің Қазақстан Республикасында уақытша болуы мерзіміне уақытша әкелуге рұқсат етілетін және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жеке тұлғалар өздерінің шетелдік мемлекетте уақытша болуы мерзіміне уақытша әкетуге рұқсат етілетін тауарлардың тізбесі;
- 3) жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кеден аумағына оңайлатылған тәртіппен әкелетін тауарларға жиынтық кедендік төлем;
- 4) жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы оларға қатысты жеңілдетілген тәртіп көзделмеген тауарларды оңайлатылған тәртіппен өткізуінің салмақтық және құндық нормалары;

- 5) жеке тұлғалардың тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеңілдетілген тәртіппен өткізуінің шарттары мен нормалары;
- 6) жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден аумағына кедендік төлемдер мен салықтар салынбайтын акцизделетін тауарларды әкелу нормалары;
- 7) тауарларды халықаралық почта жөнелтімдерімен өткізудің шарттары мен нормалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.08.28. N 750 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2005

жылғы

9

наурыздағы

N

217

қаулысымен

бекітілген

**Жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізетін тауарлардың қолданылуын айқындау өлшемдері**

Жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізетін тауарлар, егер:

1) мұндай тауарлар болып мыналар табылса: көлік құралдары мен олардың бөлшектері, оның ішінде жол полициясы органдарында есепке алуға жататындар;

Қазақстан Республикасының кеден аумағына осы қаулымен көзделген нормалардан артық әкелінген акцизделетін тауарлар; кәсіби жабдық (өндірістік немесе өзге де кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін еңбек құралдары ретінде пайдаланылатын жабдық);

станоктар;

шикізат;

шала өнімдер;

ауыл шаруашылығы техникасы;

құрылыс материалдары;

жинақтаушы бұйымдар;

Ескерту. 1) тармақшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.08.28. N 750 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2) олардың саны мынадай көрсеткіштерден асса:  
киім - бір адамға бір атаудағы, мөлшердегі және үлгідегі 2 (екі) зат (тұтынуда болғандарды қоспағанда);

бас киімдер - бір адамға бір атаудағы, мөлшердегі және үлгідегі 2 (екі) зат (тұтынуда болғандарды қоспағанда);

аяқ киім - бір адамға бір атаудағы, мөлшердегі және үлгідегі 2 (екі) зат (тұтынуда болғандарды қоспағанда);

тамақ өнімдері - бір адамға 10 (он) килограмм, оның ішінде бекіре және албырт балықтардың уылдырығы - 250 (екі жүз елу) грамм;

туалет керек-жарақтары мен парфюмериялық-косметикалық бұйымдар - бір адамға бір атаудағы 3 (үш) зат (тұтынуда болғандарды қоспағанда);

жиһаз - бір адамға 1 (бір) жиынтық немесе гарнитур;\*

асүйлік тұрмыстық ыдыс-аяқ пен аспаптар - бір адамға бір түрдегі 2 (екі) жиынтық немесе сервиз;\*

төсек-орын керек-жарақтары - бір адамға бір түрдегі 2 (екі) жиынтық;\*

фото, аудио, бейне, ұйымдастыру техникасы, тұрмыстық техника және электр аспаптары - бір адамға әр атаудағы 1 (бір) зат;\*

зергерлік бұйымдар - бір адамға 6 (алты) зат;

музыка аспаптары - бір адамға 1 (бір) зат;

спорттық мүкәммал - бір адамға 1 (бір) зат;

дәрілік заттар - бір адамға 500 грамм;

баспа басылымдары, бейне, аудиокассеталар, шағын дискілер, фотопенкалар - бір адамға әр атаудағы 10 (он) дана;\*

велосипедтер - бір адамға 2 (екі) дана;

балалар ойыншықтары - бір адамға 2 (екі) жиынтық пен модель;\*

балалар арбалары - бір адамға 1 дана;

үй шаруашылығында немесе тұрмыста пайдаланылатын жоғарыда аталмаған басқа да заттар - бір адамға әрбір атаудағы 2 (екі) зат;

Ескерту. 2) тармақшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.08.28. N 750 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3) оларды өткізу жиілігі айына 1 (бір) реттен асатын болса өндірістік немесе өзге де кәсіпкерлік қызмет мақсатына арналған деп қарастырылады.

## Е с к е р т у :

жиынтық - бұл қандай да бір заттардың толық жинағы, құрамы. Тауардың құрамы (жиынтықтылығы) "Құрамы" немесе "Жиынтықтылығы" деген атауы бар тізбе түрінде тұтынушыға арналған ақпаратта (этикеткалар, заттаңбалар, жапсырма қағаздар, паспорт, формуляр, қолдану жөніндегі басшылық) көрсетілуі т и і с .

\* Көрсеткіштер Қазақстан Республикасына/нан тұрақты тұруға қоныс аударатын жеке тұлғалар оларды өткізген кезде тұтытуда болған тауарларға қатысты қолданылмайды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 9 н а у р ы з д а ғ ы  
N 2 1 7 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

**Кедендік төлемдерден, салықтардан толық босатыла отырып және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерде тұрақты тұратын жеке тұлғаларға өздерінің Қазақстан Республикасында уақытша болуы мерзіміне уақытша әкелуге рұқсат етілетін және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жеке тұлғалар өздерінің шетелдік мемлекетте уақытша болуы мерзіміне уақытша әкетуге рұқсат етілетін тауарлардың тізбесі**

1. Киім, бас киімдер, аяқ киім.
2. Жұмсалатын тауарларды қоспағанда, туалет керек-жарақтары.
3. Жеке зергерлік әшекейлер.
4. Фото, кино, бейнекамералар мен олардың керек-жарақтары.
5. Тасымалданатын слайд және кинопроекторлар мен олардың керек-жарақтары.
6. Тасымалданатын бейнемагнитофондар мен оларға жабдықтар.
7. Тасымалданатын музыкалық аспаптар.
8. Күйтабақтарымен бірге тасымалданатын ойнатқыштар.
9. Үнтаспаларымен бірге тасымалданатын дыбыс жазғыш және шығарғыш аппаратура (диктофондарды қоса алғанда).
10. Тасымалданатын радиоқабылдағыштар.

11. Тасымалданатын телевизорлар.
12. Тасымалданатын жазу машинкалары.
13. Тасымалданатын калькуляторлар.
14. Тасымалданатын жеке компьютерлер.
15. Дүрбілер.
16. Балалар арбалары.
17. Мүгедектерге арналған арбалар.
18. Спорт жабдығы мен оның керек-жарақтары.
19. Тасымалданатын диализаторлар мен соған ұқсас медициналық аспаптар.
20. Ұялы байланыстың ұтқыр телефондары.
21. Жеңіл автомобильдер, оның ішінде мотокөлік және олардың тіркемелері.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2005

ж ы л ғ ы

9

н а у р ы з д а ғ ы

№

217

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ескерту. Жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.08.28 N 750 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2008.05.31 N 532 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

**Жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының  
кеден аумағына оңайлатылған тәртіппен әкелетін  
тауарларға жиынтық кедендік төлем**

Оларға қатысты жеңілдетілген тәртіп көзделмеген тауарларды жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы оңайлатылған тәртіппен өткізуі кезінде кедендік төлемдер мен салықтар кедендік құнының ЕуроАзЭҚ сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасына сәйкес жіктелетін 07, 08 тауарлық топтардың тауарларын қоспағанда, 1 кг. үшін 0,6 евро мөлшерінде жиынтық кедендік төлем түрінде төленуі мүмкін, оларға қатысты жиынтық төлем кедендік құнның 13% құрайды.

ЕуроАзЭҚ сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасына сәйкес жіктелетін 22, 24, 26-31, 36, 38, 73, 84, 86-89, 93 тауарлық топтардың тауарларын декларациялау жалпы белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

**Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының  
кеден шекарасы арқылы оларға қатысты жеңілдетілген  
тәртіп көзделмеген тауарларды оңайлатылған тәртіппен  
өткізуінің салмақтық және құндық нормалары\***

Жеке тұлғалар тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы оңайлатылған тәртіппен өткізу кезінде кедендік төлемдер мен салықтар,  
е г е р :

- 1) жалпы салмағы қоса есептегенде 2000 (екі мың) килограмды құраса;
- 2) қосымшаға сәйкес тез бұзылатын жас жеміс-көкөніс, жеміс-жидек, бақша өнімін қоспағанда, ЕурАзЭҚ Сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасына сәйкес 07 және 08 тауар топтары бойынша жіктелетін жалпы салмағы қоса есептегенде 5000 (бес мың) килограмға дейін болса;
- 3) автокөлік құралдарының заңнамада белгіленген жол берілетін салмақтық параметрлері сақталған кезде осы қаулыға қосымшаға сәйкес тез бұзылатын жас жеміс-көкөніс, жеміс-жидек, бақша өнімі бойынша жалпы салмағы қоса есептегенде 10000 (он мың) килограмға дейін болса, олардың кедендік құны 10000 (он мың) АҚШ долларынан аспауы шартымен жиынтық кедендік төлем түрінде төленуі мүмкін.

Ескерту. Нормаларға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.05. N 430 (қолданысқа енгізілу тәртібін 7-тармақтан қараңыз), 2006.04.15. N 285 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

\*Ескерту. Жеке тұлғалар тауарлар өткізудің оңайлатылған тәртібін қолданудан бас тарта алады. Бұл жағдайда тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізудің жалпы тәртібі қолданылады.

Жеке тұлғалардың Қазақстан  
Республикасының кеден шекарасы  
арқылы оларға қатысты  
жеңілдетілген тәртіп көзделмеген  
тауарларды оңайлатылған тәртіппен  
өткізуінің салмақтық және құндық  
нормаларына қосымша

Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.04.15. N 285 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

## **Тез бұзылатын жас жеміс-көкөніс, жеміс-жидек, бақша өнімінің тізбесі**

- 1 . К а р т о п .
  - 2 . Т о м а т .
  - 3 . Түйнекті пияз, сарымсақ.
  - 4 . Қауданды қырыққабат.
  5. Сәбіз, шалқан, асханалық қызылша, тамырлы балдыркөк, шалғам.
  - 6 . Қ и я р .
  - 7 . Ж ү з і м .
  8. Алма, алмұрт және алқоры.
  9. Өрік, шие, қызыл шие, шабдалы, қараөрік.
  - 10 . Қ а р б ы з , қауын .
  - 11 . Т ә т т і б ұ р ы ш .
12. Баклажан.
- Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 9 н а у р ы з д а ғ ы  
N 2 1 7 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

## **Жеке тұлғалардың тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеңілдетілген тәртіпшен өткізуінің шарттары мен нормалары**

Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы жүретін жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден аумағына (кеден аумағынан) әкелетін (әкететін) тауарларды өткізуінің жеңілдетілген тәртібіне сәйкес кедендік ресімдеу м ы н а д а й ж а ғ д а й л а р д а :

1) осы мемлекеттерде тұрақты тұратын жеке тұлғалардың Кеден одағына қатысушы мемлекеттерден (қатысушы мемлекеттерге) осы мемлекеттерде шығарылған және өндірістік немесе өзге де кәсіпкерлік қызметке арналмаған тауарларды әкелуі (әкетуі) кезінде;

2) үшінші елдерден (үшінші елдерге) шығарылған, өндірістік немесе өзге де кәсіпкерлік қызметке арналмаған, жол жүгінің жалпы салмағы бір адамға

шаққанда 50 (елу) килограмға дейінгі шектегі жалпы құны 1000 (мың) АҚШ долларына баламалы сомадан аспайтын тауарларды әкелу (әкету) кезінде;

3) Қазақстан Республикасына (шет мемлекетке) тұрақты тұруға қоныс аударатын жеке тұлғалардың өндірістік немесе өзге де кәсіпкерлік қызметке арналмаған тауарларды әкелуі (әкетуі) кезінде кеден төлемдерін төлеуден толық босатыла отырып (сақтағаны үшін алымдарды қоспағанда), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасына әкелуге немесе Қазақстан Республикасынан әкетуге шектеу қойылған тауарларды қоспағанда, тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 9 наурыздағы  
N 217 қаулысымен

бекітілген

Ескерту. Жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.08.28. N 750 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

**Жеке тұлғалардан кедендік төлемдер мен салықтар салынбайтын акцизделетін тауарларды Қазақстан**

**Республикасының кеден аумағына әкелу нормалары**

| Р/с<br>N | ЕурАзЭҚ<br>ТН коды                                      | СЭҚ | Тауардың атауы   | Алып өту нормасы (бір адамға)       |
|----------|---|-----|--|-------------------------------------|
| 1        | 2203 00   |     | Ашытылған сыра   | 5 литр*                             |
| 2        | 2204 (2204 30-дан басқа), 2205, 2206 00, 2207, 2208-ден |     | Шараптар, шарап материалдары, шарап коньяк, бренди, спирттің барлық түрлері, арақ, ликер-арақ бұйымдары  | 2 литр*                             |
| 3        | 2402  |     | Фильтрлі темекі, филтрсіз темекі, папиростар<br>Сигаралар<br>Сигариллалар  | 1000 дана*<br>15 дана*<br>300 дана* |
| 4        | 2403-ден**  |     | Никотиннен тұратын фармацевтік өнімді қоспағанда, шегетін темекі, шайнайтын темекі, иіскейтін темекі және өзге де тұтыну ыдысына буып-түйілген және соңғы тұтынуға арналған темекі | 1 кг*                               |
| 5        | 2710 11 410 0,<br>2710 11 450 0,                        |     |  | 100 литр*                           |



|   |                |                                  |           |
|---|----------------|----------------------------------|-----------|
|   | 2710 11 490 0, | Бензин (авиациялықты қоспағанда) |           |
|   | 2710 11 510 0, |                                  |           |
|   | 2710 11 590 0, |                                  |           |
| 6 | 2710 19 310 0, | Дизель отыны                     | 150 литр* |
|   | 2710 19 350 0, |                                  |           |
|   | 2710 19 410 0, |                                  |           |
|   | 2710 19 450 0, |                                  |           |
|   | 2710 19 490 0, |                                  |           |

### **Е с к е р т п е .**

\*Көрсетілген норма ЕурАзЭҚ Сыртқы экономикалық қызметі туралы номенклатурасының кодтары бойынша бөлінбестен, импортталатын тауарлардың жалпы көлеміне белгіленеді. Импорт нормасының көлеміндегі кедендік төлемдер мен салықтар салынуға жатпайтын импортталатын тауарлардың тізбесі жеке тұлғаның таңдауы бойынша белгіленеді.

\*\*Тауар номенклатурасы ЕурАзЭҚ Сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының кодымен де, тауардың атауымен де айқындалады.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

9

н а у р ы з д а ғ ы

№

2 1 7

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

### **Тауарларды халықаралық почта жөнелтімдерімен өткізудің шарттары мен нормалары**

Жеке тұлғаның мекен-жайына жіберілетін және өндірістік немесе өзге де кәсіпкерлік қызметке арналмаған тауарлар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы мынадай нормалар сақталған жағдайда, кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуден толық босатыла отырып және оларға тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмастан өткізіледі:

1) салмағы 31 (отыз бір) килограмнан аспайды;

2) жалпы құны қоса есептегенде 1000 (мың) АҚШ долларына баламалы сомадан аспайды.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

9

н а у р ы з д а ғ ы

№

2 1 7

қ а у л ы с ы н а

қосымша

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасында өндірілетін және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін акцизделетін тауарларға арналған акциз ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 маусымдағы N 608 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 20, 176-құжат).

2. "Жеке тұлғалардың тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы оңайлатылған, жеңілдетілген тәртіппен өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 мамырдағы N 741 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 19, 249-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 мамырдағы N 741 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 21 қазандағы N 1136 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 36, 382-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 сәуірдегі N 357 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 6, 168-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 7-тармағы.

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 мамырдағы N 741 және 2001 жылғы 21 тамыздағы N 1092 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 569 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 27, 252-құжат) 1 - т а р м а ғ ы н ы ң 1 ) т а р м а қ ш а с ы .

6. "Жекелеген отандық өндірушілерді қолдау мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 13 тамыздағы N 763 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 28, 236-құжат) 9-тармағының 2) тармақшасы.